




«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ



БЕКІТІЛДІ:

«Х.Досмұхамедов атындағы

Атырау университеті» КеАҚ

Ғылыми Кеңесі шешімімен


Хаттама №5










«18» 02 2021ж.


«Х. ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
МАРАПАТТАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

СМЖ № 061

Атырау 2021 г.


	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым екінші
	«Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ марапаттары туралы Ереже	2-бет, 10 беттен тұрады.

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	Ғылыми Кеңес хатшысы	Г.Б.Аталихова		17.02.21
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	К.М.Утепкалиева		17.02.21
	Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор	Л.Е.Койшигулова		17.02.21
	Ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор	Д.Г.Батрышев		17.02.21
	Бас есепші	Р.Д.Исмагамбетова		17.02.21
	Ректор аппаратының жетекшісі	Г.К.Кайргалиева		17.02.21
	HR басқару және дамыту бөлімінің басшысы	Е.Т. Нурпеисов		17.02.21
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшыгулова		17.02.21
	Заң кеңесшісі	К.С. Куанов		17.02.21


 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым екінші
	«Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ марапаттары туралы Ереже	3-бет, 10 беттен тұрады.

### Мазмұны


1	Жалпы ережелер	4
2	Қысқартулар	4
3	Нормативтік сілтемелер	4
4	Университет марапаттары	4
5	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ ректорының алғысы	4
6	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ «Құрметті профессор» атағы	5
7	«Университеттің дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісі және «Халел Досмұхамедов атындағы Алтын медаль»	6
8	Сыйақы	7
9	Қорытынды ережелер	8
10	Танысу парағы	9
11	Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	10

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым екінші
	«Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ марапаттары туралы Ереже	4-бет, 10 беттен тұрады.


	<b>ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР</b>
1.1	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ - ның (бұдан әрі – «университет») наградалары туралы ереже (бұдан әрі - «ереже») университет беретін наградалардың түрлерін, мәртебесін айқындайды және награданы ұсыну тәртібі мен марапаттау рәсімін реттейді.
1.2	Университет наградалары Университет қызметкерлерінің еңбек қызметіндегі жетістіктері мен сіңірген еңбегі және университеттің дамуына қосқан елеулі үлесі үшін оларды көтермелеу және ынталандыру нысаны болып табылады. Сонымен қатар, университет марапаттары университет студенттеріне оқу, ғылыми, әлеуметтік қызметтегі жетістіктері үшін, сондай-ақ университетпен сәтті ынтымақтастығы үшін үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.
<b>2</b>	<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b>
3.1	ҚР Конституциясы.
3.2	23.11.2015 ж. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі
3.3	Білім туралы «Қазақстан Республикасының Заңы»;
3.4	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ Жарғысы;
3.5	Университеттің ішкі нормативтік құжаттары;
3.6	ИСО 9001: 2015 халықаралық стандарт талаптарына сәйкес;
<b>3.</b>	<b>ҚЫСҚАРТУЛАР</b>
3.1	АУ- Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті; СМК-сапа мониторинг кеңсесі; АқМЖП--академиялық мәселелер жөніндегі Проректор ҚББ-құрылымдық бөлімшенің басшысы
<b>4</b>	<b>УНИВЕРСИТЕТ МАРАПАТТАРЫ</b>
4.1	Университетте келесі марапаттар бар:
	- Басқарма Төрағасы-университет ректорының алғысы;
	- «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ «Құрметті профессор» атағы;
	- «Университеттің дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісі;
	- Халел Досмұхамедов атындағы Алтын медаль;
	- Басқарма төрағасы-ректордың сыйақысы
<b>5</b>	<b>«ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ РЕКТОРЫНЫҢ АЛҒЫСЫ</b>
5.1	Басқарма Төрағасы-университет ректорының Алғысымен (бұдан әрі – «Алғыс») университет қызметкерлері көтермеленуі мүмкін:
	- ғылыми, оқу, еңбек және басқару қызметіндегі жетістіктері үшін
	- университеттегі мерекелік және басқа да іс-шараларды, олимпиадаларды, конкурстарды дайындау, ұйымдастырып және өткізгені үшін
	- университеттің қоғамдық жұмысына белсенді қатысқаны үшін;
	- университеттік ауқымдағы іс-шараларды ұйымдастырып және өткізгені үшін;
	- спорттағы жетістіктері, мәдени-бұқаралық және басқа да іс-шараларға белсенді қатысқаны үшін;

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым екінші
	«Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ марапаттары туралы Ереже	5-бет, 10 беттен тұрады.


	- университетті мемлекеттік және халықаралық деңгейде табысты ілгерілеткені үшін;
	- Қазақстан Республикасының тұрғындары арасында және одан тыс жерлерде бұқаралық ақпарат құралдарында (бұдан әрі – «БАҚ») университеттің оң имиджін қалыптастырғаны үшін наградталады.
5.2	<p>Университет білім алушылары алғыс хатпен марапатталуы мүмкін:</p> <p>- ғылыми, оқу, әлеуметтік қызметтегі жетістіктері үшін;</p> <p>- университеттегі мерекелік және басқа да іс-шараларды, олимпиадаларды, конкурстарды дайындауға және ұйымдастыруға қатысқаны үшін;</p> <p>- университеттің қоғамдық жұмысына белсенді қатысқаны үшін;</p> <p>- университеттік ауқымдағы іс-шараларды ұйымдастыруға қатысқаны үшін;</p> <p>- спорттағы жетістіктері, мәдени-бұқаралық және басқа да іс-шараларға белсенді қатысқаны үшін;</p> <p>- Қазақстан Республикасының және одан тыс жерлердегі тұрғындар арасында университеттің оң имиджін қалыптастырғаны үшін.</p>
5.3	Университетпен белсенді ынтымақтастығы үшін университет қызметкері болып табылмайтын тұлғаларға алғыс білдірілуі мүмкін.
5.4	Алғыс айту Басқарма Төрағасы - ректордың шешімі бойынша, проректорлар мен университеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының қолдау хаттары негізінде жарияланады.
5.5	Алғысқа 3 (үш) жұмыс күні ішінде Басқарма Төрағасы - университет ректоры қол қояды.
5.6	Алғысты университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында Басқарма Төрағасы - университет ректоры жариялайды.
<b>6</b>	<b>«ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ «ҚҰРМЕТТІ ПРОФЕССОР» АТАҒЫ</b>
6.1	<p>«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ «Құрметті профессор» атағы (бұдан әрі – «профессор»):</p> <p>-оқу-педагогикалық, ғылыми және тәрбие жұмысына белсенді қатысатын және экономиканың нақты секторы үшін ұзақ уақыт бойы жоғары білікті педагогикалық және ғылыми кадрларды даярлауға, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді дайындауға және басып шығаруға, студент жастарды тәрбиелеуге, университеттің оқу-материалдық базасы мен инфрақұрылымын құруға және дамытуға үлкен үлес қосқан адамдарға.</p> <p>-ғылым докторы ғылыми дәрежесі бар, ғылыми-педагогикалық өтілі 10 жылдан астам ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге, оның ішінде басшылық лауазымдарда, сондай-ақ университеттің дамуына нақты елеулі үлес қосқан, ғылым, техника, жоғары білім беру, ғылыми кадрларды тәрбиелеу және даярлау саласында мемлекеттік наградалар немесе өзінің мемлекеттік, ғылыми, зерттеу, білім беру, қоғамдық және шығармашылық қызметі мойындалған адамдарға беріледі.</p>
6.2	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ «Құрметті профессор» атағы әлемдік ғылым мен білімнің дамуына нақты елеулі үлес қосқан шетелдік азаматтарға берілуі мүмкін.

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым екінші
	«Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ марапаттары туралы Ереже	6-бет, 10 беттен тұрады.

6.3	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ «Құрметті профессор» атағы Ғылыми кеңестің шешімімен Басқарма Төрағасы-ректордың өтініші бойынша, проректорлардың, факультет/ Мектеп Кеңесінің, құрылымдық бөлімшелер басшыларының ұсынымдары негізінде беріледі.
6.4	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ «Құрметті профессор» атағы Ғылыми кеңестің шешімімен Басқарма Төрағасы-ректордың өтініші бойынша, проректорлардың, факультет/ Мектеп Кеңесінің, құрылымдық бөлімшелер басшыларының ұсынымдары негізінде беріледі.
6.5	Университеттің Ғылыми кеңесі Мәжілісте «Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ «Құрметті профессор» атағын беру туралы ғылыми кеңес мүшелерінің тізімдік құрамының кемінде 2/3 бөлігі ашық дауыс беру арқылы шешім қабылдайды. Кандидатура жөніндегі шешім, егер оған Ғылыми кеңес мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Ғылыми кеңес «Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ «Құрметті профессор» атағын беру туралы оң шешім қабылдаған жағдайда Ғылыми кеңес отырысының хаттамасынан үзінді беріледі және «Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ «Құрметті профессор» атағын беру туралы диплом бланкісі толтырылады.
6.6	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ «Құрметті профессор» атағын беру туралы диплом бланкісіне Басқарма Төрағасы - университет ректоры қол қояды. Ғылыми және қоғамдық қызмет туралы ақпараты бар атақ беру туралы шешім университеттің сайтында орналастырылады.
6.7	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ «Құрметті профессор» атағы берілген адамдарға университеттің Ғылыми кеңесінің кеңейтілген отырысында салтанатты түрде: «Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ «Құрметті профессор» атағын беру туралы диплом және мантиядан, қылтаяқшасы бар академиялық қалпақтан тұратын академиялық регалия тапсырылады.
7	<b>«УНИВЕРСИТЕТТІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ҮШІН» ТӨСБЕЛГІСІ ЖӘНЕ «ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АЛТЫН МЕДАЛЬ»</b>
7.1	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің төсбелгілері университеттің жоғары марапаты болып табылады, ол университеттің дамуына бағытталған ғылыми-педагогикалық, мемлекеттік, қоғамдық, әлеуметтік-мәдени және басқа да қызмет салаларындағы ерен еңбегі үшін беріледі
7.2	«Университетті дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі тұлғаларға беріледі: - университеттің оң имиджін нығайтуға және арттыруға ықпал еткендерге; - университетті дамытуға, оның беделін нығайтуға, Қазақстанда да, одан тыс жерлерде де ғылыми және педагогикалық мектептерге бағытталған көпжылдық жемісті жұмысы үшін; - университет алдында танылған жеке еңбегі үшін (материалдық базаны, ғылыми зерттеулерді, мамандар даярлаудың жаңа бағыттарын дамытуға жәрдемдесу, қайырымдылық қызметі, демеушілік).
7.3	«Халел Досмұхамедов» Алтын медалі Х.Досмұхамедовтың өмірін, қызметін, шығармашылық мұрасын зерттеуге үлкен үлес қосқан және өскелең ұрпақты оқыту

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым екінші
	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ марапаттары туралы Ереже	7-бет, 10 беттен тұрады.

	мен тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары бар мемлекеттің көрнекті қайраткерлеріне, білім, ғылым және мәдениет өкілдеріне беріледі.
<b>8</b>	<b>СЫЙАҚЫ</b>
8.1	Сыйақылар университет қызметкерлерін сапалы еңбек нәтижесіне ынталандыруға бағытталған қосымша ынталандырушы төлемдердің бір түрі, сондай-ақ тиімді орындалған жұмыс үшін көтермелеу болып табылады.
8.2	Университет қызметкерлеріне сыйақы беру жүйесі келесі сыйақы түрлерін қамтуы мүмкін:
	- белгілі бір кезеңдегі жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы беру (ай сайынғы, тоқсан сайынғы сыйақы беру, күнтізбелік және/немесе оқу жылының нәтижелері бойынша сыйақы беру);
	- біржолғы сыйақы.
8.3	Қызметкерге сыйақы төлеу оның жұмысының нәтижелілігі мен сапасын бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштерді ескере отырып белгіленеді.
8.4	Университет қызметкерлеріне сыйақы беру басқарма төрағасы - ректордың бұйрығы негізінде, университеттің құрылымдық бөлімшесі басшысының ұсынысына сәйкес жүзеге асырылады.
8.5	Университет қызметкерлеріне біржолғы сыйақы беру келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылуы мүмкін:
	- еңбектің ерекше нәтижелері үшін;
	- қабылдау және іріктеу комиссияларындағы жұмысы үшін;
	- ғылыми-зерттеу және инновациялық белсенділігі үшін;
	- конкурстарға, спартакиадаларға, жарыстарға және басқа да іс-шараларға табысты қатысқаны үшін (конкурстардың номинанттары, жүлдегерлері және т. б.);
	- мерейтойлық және мерекелік күндерге байланысты;
	- мемлекеттік наградаларды алуына байланысты;
	- Қазақстан Республикасының және одан тыс жерлердегі тұрғындар арасында университеттің оң имиджін қалыптастырғаны үшін.
	- «Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ «Құрметті профессор» атағын беруге байланысты.
<b>9</b>	<b>ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР</b>
9.1	Ережеге енгізілетін өзгерістер АкМЖП рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолының қойылуымен құжатталып, бекітіледі
9.2	Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді жасау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі.
9.3	Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ҚББ жауапкершілікте болады.
9.4	Ережені ҚББ мерзімділігі қажет болған жағдайда қайта қарап отырады.
9.5	Осы Ережені «Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ Ғылыми кеңесі бекітеді.
9.6	Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз бола алады:
	- заңдық күші бар нормативті-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы;

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым екінші
	«Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ марапаттары туралы Ереже	8-бет, 10 беттен тұрады.

	-Басқарма Төрағасы -ректордың бұйрықтары;
	-құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;
	- құрылымдық бөлімдердің қайта құрылуы -ҚББ мен АкМЖП-дің рұқсат етілген, өзгертулердің себептері көрсетілген қызметтік хаты.
9.7	Мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады
9.8	Ереже ауыстырылған жағдайда өз күшін жойған Ережелерді университеттегі барлық даналары алынады және жаңасымен ауыстырылады.
9.9	ИСО 9001: 2015 халықаралық стандарт талаптарына сәйкес.
9.10	Ережені Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің және ХС ИСО 9001:2015 талаптарына сәйкес келуді СМК жүзеге асырады.
9.11	Ереженің есепке алынған жұмыс даналарын таратуды СМК жүзеге асырады
9.12	Есепке алынған Ереженің жұмыс данасын бөлімшеде сақтау үшін жауапкершілік ҚББ-на жүктеледі.





